

**Қытайдың жоғары оқу орындарында бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған конкурс**

ҚР Білім және ғылым министрлігі Қытай Халық Республикасының жоғары оқу орындарында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ҚХР Білім министрлігі арасында жасалған білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша оқуға және тағылымдамадан өтуге конкурс жариялайды. Осы жылы ҚХР үкіметі Қазақстандық студенттер үшін 122 грант бөліп отыр.

- Аталмыш гранттар туралы ақпарат <http://www.campuschina.org/> сайтында орналастырылған.
- Мамандықтардың және жоғары оқу орындарының тізімін <http://www.campuschina.org/universities/categories.html> сайтынан көруге болады.

Грант келесі шығыстарды қамтиды:

- тегін оқу;
- жатақханада тұру;
- ай сайынғы стипендия бакалавр үшін 350\$, магистрлер үшін 400\$, докторлар үшін 450\$;
- тілдік курстар (қытай тіліндегі оқу бағдарламасын таңдаған жағдайда);
- Медициналық сақтандыру.

Таланттары:

1. Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс;
2. Білім деңгейі және жас шектеулері:
  - Бакалавриатқа үміткерлердің орта білімі туралы аттестаты және жас мөлшері 25 жасқа дейін болуы тиіс.
  - Магистратураға үміткерлердің бакалавр дәрежесі және жас мөлшері 35 жасқа дейін болуы тиіс.
  - Докторантураға үміткерлердің магистр дәрежесі болуы және жас мөлшері 40 жасқа дейін болуы тиіс.
  - Тағылымдамадан өтуге үміткерлердің бакалавр дәрежесі және жас мөлшері 40 жасқа дейін болуы тиіс.
  - Ғылыми тағылымдамаға үміткерлердің магистрлік не одан жоғары дәрежесі, немесе доцент және одан жоғары атағы, және жас мөлшері 50 жасқа дейін болуы тиіс.

*Ескерту!!! Құжаттарды тапсыру уақытында оқуды аяқтамаған үміткерлердің ағымдағы үлгерімі жайындағы анықтамасында оқуды аяқтау мерзімі көрсетілуді тиіс.*

Онлайн-тіркелу және құжаттарды қабылдау мерзімінің аяқталуы — 15 ақпан 2019 жылғы 15 ақпанға дейін.

Қытай тарапынан іріктеу мерзімі — 2019 жылдың 5 наурызынан бастап сәуір айлары арасы.

Құжаттарды онлайн және қолма-қол тапсыру қажет!!!

## 1- КАДАМ

1. Online өтінім беру.

ҚЫТАЙ СТИПЕНДИАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҮМІТКЕРЛЕР АЛДЫМЕН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ <http://www.campuschina.org/> ОНЛАЙН ТІРКЕЛУІ ҚАЖЕТ.

Өтінім берушілер онлайн-өтінімді толтырған кезде ағылшын тілінде немесе қытай тілінде қажетті құжаттардың сканерленген нұсқаларын жүктеуі қажет (қосымша құжаттар 3 МБ-тан аспауы керек).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Әрбір кандидат ең көп дегенде 1 мамандықты және 3 университетті таңдай алады;

Online өтінім № 1-қосымшаға сәйкес ағылшын немесе қытай тілінде толтырылады;

Online-өтінім толтыру барысында «Agency Number» графасына «3981» және «Program Category» графасына «Type A» деп көрсетуді міндетті түрде назарға алыңыз. Толтырылған Online-өтінімді басып шығарып, үміткер қол қоюы қажет. Қате толтырылған өтінімдер қабылданбайды.

!!!Онлайн-өтінімді толтырудың КАДАМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫН [https://bolashak.gov.kz/images/%D0%9D%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B8/2019/1\\_%D1%8F%D0%BD%D0%B2%D0%B0%D1%80%D1%8C%D0%98%D0%BD%D1%81%D1%82%D1%80%D1%83%D0%BA%D1%86%D0%B8%D1%8F\\_%D0%9A%D0%B8%D1%82%D0%B0%D0%B9.pdf](https://bolashak.gov.kz/images/%D0%9D%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B8/2019/1_%D1%8F%D0%BD%D0%B2%D0%B0%D1%80%D1%8C%D0%98%D0%BD%D1%81%D1%82%D1%80%D1%83%D0%BA%D1%86%D0%B8%D1%8F_%D0%9A%D0%B8%D1%82%D0%B0%D0%B9.pdf) жүктеп ала аласыздар

## 2- КАДАМ

- Құжаттар құжат тігілетін папкіге 3 данада ұсынылады:
  - 2 пакет құжат ағылшын немесе қытай тілінде (1 түпнұсқа ,1 көшірмесі)
  - 1 пакет құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде (1 түпнұсқа);
- Құжаттарды келесі мекен-жай бойынша тапсыру қажет: Астана қаласы, Мәңгілік Ел 8, «Алтын Орда» бизнес орталығы 5-ші қабат, 507 каб.

**Ағылшын немесе қытай тілдерінде тапсырылатын құжаттар:**

1. Стипендиалық бағдарламаның Online-өтінім үлгісі (толық толтырылған, басып шығарылған және үміткердің қолы қойылған түрде, 3x4 фотосуретімен);
2. Білімі туралы құжаттар:
  - бакалавриат бағдарламасы үшін – аттестатты қосымшасымен немесе негізгі орта білім туралы анықтаманы қосымшасымен, оқушының ағымдағы үлгерімі туралы (11-ші немесе 12-ші

сыныптарындағы) орташа бағасы белгіленген анықтамасын және табелді тапсыру қажет. Ағылшын немесе қытай тіліне аударылған және нотариалды расталған түрде тапсыруы қажет;  
- *магистратура бағдарламасы үшін* — Ағылшын немесе қытай тіліне аударылған және нотариалды расталған бакалавр/маман дәрежесінің дипломы қосымшасымен. Оқуын аяқтамаған үміткерлер жоғарғы оқу орнынан анықтама және соңғы семестрдегі үлгерімі бойынша транскрипт тапсыруы қажет;  
- *докторантура бағдарламасы үшін* — Ағылшын немесе қытай тіліне аударылған және нотариалды расталған магистр дәрежесі бар диплом қосымшасымен;

3. Барлық үміткерлер уәждемелік хат(әссе) үлгісінде жазылған оқу жоспарын ағылшын немесе қытай тілінде ұсынуы тиіс (бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға үміткерлерден кем дегенде 200 сөз немесе иероглиф, тағылымдамаға кем дегенде 500 сөз немесе иероглиф, магистратура мен докторантураға кем дегенде 800 сөз немесе иероглиф);
4. Магистратура, докторантура және тағылымдамаға үміткерлер қытай немесе ағылшын тілінде профессор немесе доцент атынан екі ұсыным хатты ұсынуы тиіс;
5. Музыкалық білім алуға үміткерлер жеке шығармашылығын CD-дискіде ұсынуы тиіс. Сондай-ақ, бейнелеу өнері мамандығына үміткерлер 2 эскиз, 2 түрлі түсті сурет және 2 басқа жұмысының CD-дискін ұсынуы тиіс;
6. 18 жасқа толмаған үміткерлер Қытай тарапынан камкоршылыққа алу келісімін растайтын құқықтық құжаттарды ұсынуы тиіс; (Үміткерлер Қытай университеттерімен байланысқа шығып, қамқорлыққа алу туралы келісуі тиіс);
7. Медициналық анықтаманың көшірмесі (Foreigner Physical Examination Form, түпнұсқасы үміткерде сақталуы тиіс). Міндетті түрде № 2-қосымша бойынша өту керек. Толық емес немесе емдеуші дәрігердің қолы, аурухананың ресми мөрі қойылмаған немесе өтініш берушінің суреті жоқ жазбалар және қосымшадағыдан басқа үлгідегі медициналық анықтама жарамсыз болып табылады!!!
8. Қытай университетінен шақырту хаты, бар болған жағдайда;
9. Шет тілі білімін растайтын сертификат (HSK);
10. Паспорттың көшірмесі (тек алғашқы беті).

#### **Мемлекеттік немесе орыс тілінде тапсырылатын құжаттар:**

1. Шетелге оқуға кететін Қазақстан Республикасы азаматының толтырылған сауалнамасы № 3-қосымшаның нысанына сәйкес болуы керек;

2. Жеке бас куәлігінің немесе паспорттың түпнұсқасы мен көшірмесі (түпнұсқалар тапсырылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған болуы шарт). Түпнұсқалары тексерістен соң қайтарылады;
3. Шет тілді білетіндігін растайтын сертификаттың көшірмесі (IELTS, TOEFL, HSK бар болған жағдайда), растау үшін түпнұсқасын ұсыну керек;
4. Білім туралы құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесі. Шетелдік дипломы бар болған жағдайда- білімі туралы құжатты мойындау немесе нострификациялау туралы куәліктің не болмаса білімі туралы құжатты мойындау туралы басқа құжатты түпнұсқа және көшірмесі. Білімі туралы құжаттар:
  - бакалавриат бағдарламасы үшін –аттестат қосымшасымен немесе негізгі орта білімі туралы куәлік қосымшасымен, оқушының ағымдағы үлгерімі туралы 11-ші немесе 12-ші сыныптардағы орташа бағасы белгіленген анықтамасын және табелді тапсыру қажет (орташа балы 5,0-ден кем дегенде 4,5 болу қажет);
  - магистратура бағдарламасы үшін — бакалавр/маман дәрежесінің дипломы, GPA 4.0-ден 3.0;
  - докторантураға — магистр дипломы қосымшасымен немесе оқушының оқу үлгерімі туралы анықтамасы;
 \*\*Ағымдағы оқу үлгерімі туралы анықтаманы ұсынған үміткерлер үшін жоғарыда көрсетілген балдарға орташа балы сәйкес болуы қажет
5. Құжаттарды тапсыру кезінде ағымдағы жылы берілген № 4-қосымшаға сәйкес шетелге шығатын азаматтың 0/82у медициналық анықтамасы;
6. Таңдалған оқу бағыты бойынша халықаралық немесе республикалық іс-шараларға қатысқаны үшін алған сертификаттардың, дипломдардың, алғыс хаттардың көшірмелері (болған жағдайда);
7. Транскрипт немесе шетелдік жоғары оқу орнының шақыртуы (бакалавриат немесе магистратура бағдарламалары бойынша шетелдік жоғарғы оқу орындарына өз бетімен түскен немесе оқитын тұлғалар үшін). Сонымен қатар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аударма қамтамасыз етіледі;
8. Бар болған жағдайда ғылыми жарияланымдардың немесе оқу-әдістемелік / ғылыми зерттемелердің тізімі (PhD бағдарламасы бойынша оқу үшін);
9. Көп балалы отбасыға жататын анықтамасының түпнұсқасы және көшірмесі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, мүгедек балалар мен мүгедек балалар санына жататындығын растайтын медициналық зерттеулердің нәтижесінде шетелдік оқу орындарында оқуға рұқсат етілетін құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі(түпнұсқалар тексерілгеннен кейін өтініш берушіге қайтарылады).

10. Заңды өкілдің (ата-ана, асырап алушылар, қамқоршы немесе тәрбиеші, асырап алушы ата-ана) шет елге оқуға жіберуге жазбаша келісім хаты (18 жасқа толмаған үміткерлер үшін).

Үшінші тұлға құжаттарды тапсырған жағдайда — гранка өтініш берушіден конкурстық іріктеуге қатысуға құжаттарды ұсыну үшін берілген сенімхаттың нотариалды куәландырылған түпнұсқасы болуы керек;

Құжаттар дүйсенбіден жұма күндері сағат 8:30-дан 17:30 аралығында қабылданады. Түскі үзіліс: 12: 30-13: 30.

Байланыс телефондары: +7 (7172) 76 90 69, 76 90 81, 78 90 88

Ескерту.\*Құжаттар папкісі үшін 2 медициналық анықтама болуы қажет.

№ 2 Қосымшамен № 3 Қосымшаны қараңыз.